

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №47 қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларына мәлімет анықтамасы

Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №47 қаулысы (әрі қарай - Қаулы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2012 жылғы 24 тамызда №272 қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын заң техникасының талаптарына байланысты жаңа редакцияда баяндауын ұсынады.

Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидалары қаржы нарығының, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының атынан түскен ұсыныстар және Ұлттық Банктің қызметкерлерімен жүргізілген тексеру нәтижесінде жетілдірілген. Жекелеп келгенде Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларының жаңа редакциясы орнатылған талаптарға сәйкес келетін ақпараттық жүйені әзірлеушімен ұсынылған құжаттарды қолдану, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша заңдылықтың талаптарының өзгеруіне байланысты ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістерді енгізу, есеп саясатына және жүргізілетін операциялардың бизнес - процесстеріне өзгерістер енгізу мүмкіндігін береді.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2017 жылдың 28 сәуірінде №15084 бекітілген.

Қаулы, осы қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидалары 10-тармағының 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5), 11) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.